



2023 жылғы «01» 09

№ 277

«01» 09 2023 года

Ақтөбе қ.

г.Ақтөбе

Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Қ.Дүйсенованың 2023 жылғы 25 тамызы күні Білім саласы қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесінің бірыңғай пленарлық сессиясының ашылуында 2023-2024 оқу жылының ұзақтығы 34 апта және аяқталуы 25 мамыр болуы туралы тапсырмасына, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы 01-2-15/5174-И хаты, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2023 жылығы 1 қыркүйектегі №363 бұйрығы негізінде Ақтөбе қаласының білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ақтөбе қаласы білім беру ұйымдарының басшыларына:

1.1. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.

1.2. Барлық білім беру ұйымдарында жаңа 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін барлық жағдай жасау қамтамасыз етілсін.

1.3. Білім беру ұйымдарында оқушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.

1.4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.

1.5. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы білім беру ұйымдарына, ата-аналар назарына жеткізілсін:

1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы 2023 жылғы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленді;

2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)-сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі тоқсандар аралығындағы оқушылардың каникулдары кезеңдері: күзгі каникул – 7 күн (30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы каникул – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан бастап 11 ақпанды қоса алғанда).

1.6. ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

1.7. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімі басшысының орынбасары Ж.Шалабаеваға міндеттелсін.

Ақтөбе қаласы білім бөлімінің басшысы



М.Қосымбаева